

Елуде еді оз жасым,

Тыйылмады коз жасым...

Жумыс іздеп шыгып ем,

Киім-кешек тозгасын...

Онша емес-ті кыйм де,

Жок еді жеке ыйм де.

Елу мын толеп тұрамын,

Біреудін ескі ыйнде.

Өркімдерге алдандым,

Жұмыс іздеп сандалдым...

Табаным тозып тауып ем,

Тапканы күрысын, тангалдым.

Сілтеумен барсам кожайын,

Сызылып пара сұрайды...

Соншама несін созайын,

Үмытқан-ау Күдайды.

Өркімнен алып қарызды,

Апарып берсем ӘЛГІГЕ:

«Отедін енді парызды,

Баска жок, - деді – әнгіме».

Не болмас дейсін бұл күні,

Түйткілі көп тұрмыста.

Келтіріп ӘЛГІ күлкіні,

«Салды» мені құрылысқа...

Білімім қалды жайына,

Аз ақы алдым айына.

Жал-жая түгіл жетпеді,

Сүт қосып ішер шайыма.

Алшыдан түрмай асығым,

Жер казып, лай тасыдым...

Коп ұзамай «қыскарып»,

Жігерім күм боп, жасыдым.

«Бес жүз мын» босқа ол кетті,

Ол кеткенде мол кетті.

Күдайдан да қорықпай,

Кожайын оны қолды етті.

Қу тақырда мен қалдым,

Оттей алмай карызды.

Озбыр шіркін ол калды,

«Отедін» деп парызды.

«Әр жерге ұрсам мандайды»,

Жұмысқа еш жер алмайды.

Кеткенсін деп катайып,

Жасына карап тандайды.

Бар жерде бар ма досым-ай,

Озбырлық деген осылай.

Адамдар не боп барады,

Кайтейн, калкам, шошынбай.

Акырын берсін бір Кудай!

Казыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ